



ИУДАИЗМ, ХРИСТИАНДЫҚ ЖӘНЕ ИСЛАМДАҒЫ 4000 ЖЫЛДЫҚ ІЗДЕНІС: ҚҰДАЙТАНУ БАЯНЫ

Құран – Алланың сөзі



Дәрістің мақсаты: Ислам пайда болған VII ғасырдағы жағдай, Мұхаммед қалай Уәхи алғандығы туралы білу.

Дәрістің негізгі терминдері: мурувва, Қағба, Құбыла, Аллах, ширк, Жәбреил, хиджра, умма.

Мурувва – араб тайпаларының исламға дейінгі ар-ұят кодексі. Бұл түсінік ерлік, шайқастағы ержүректілік, шыдамдылық, қиындықтағы шыдамдылық, өз тайпасына риясыз адалдықты бейнелейді.

Қағба (ал-Каба) – Меккенің ортасындағы куб формасындағы ежелгі құрылыс – Алланың ғибадатханасы, VII ғасырда небетейлік құдай Хубалға өткенмен, кейін исламың қасиетті орнына айналды.

Аллах – арабтардың исламға дейінгі сеніміндегі жоғарғы құдай, оның аты «Құдай» және монотеистік ислам дінінде Құдай-жаратушы дегенді білдіреді.

Ширк – (араб. пұтқа табыну, көпқұдайлық, Аллаға серік қосу деген мағына береді) – Алладан басқаға сыйыну.

Жәбреил (Джибриль) – Исламдағы негізгі періштелердің бірі, ол арқылы Құдай адаммен байланысады. Библиялық Гавриилмен теңестіріледі.

Құбыла – нақты географиялық нүктеден Қағбаға бағыт.

Хиджра (араб. «қоныс аудару») – 622 жылы Мұхаммед пайғамбардың қолдаушыларымен бірге Меккеден Мәдинеге қоныс аударуы, осыдан Исламдағы жыл санау басталады.

Умма (араб. қауым, ұлт) – бір дінді ұстаған исламдағы діни қауым, адамдар қауымдастығы.

Хижазда жахилия. Арабтарда о дүниелік өмір сенімі де жоқ еді, оның орнына «заман» немесе «тағдыр» ретінде аударуға болатын дәһрдің жоғарғы күшіне сенетін; өлім көрсеткіші өте жоғары саналатын бұл қоғамда мұның маңыздылығы түсінікті жағдай.

«Мурувваның адамгершілік канондары бойынша бәдәуи қарақан басының қауіпсіздігін ойламастан, тайпа басшысы сайидқа сөзсіз бағынуы тиіс. Тайпа тіршілігін үйлестіру үшін сайид азық-түлік пен мүліктерді теңдей бөлетін, ал тайпаластарынан біреуі өлтірілсе, «қанға – қан, жанға – жан» ұстанымы жүзеге асатын. Осы жерде қауымдық этика анық көрінетін: қылмыскердің өзін жазалаудың қажеті жоқ еді, өйткені Исламға дейінгі Араб қоғамында тұлғаның артына ізі қалмай жоқ болып кетуі бір сәттік шаруа болатын. Кек алу үшін жау тайпаның кез келген мүшесі жарай беретін. Орталық басқару тетігі қалыптаспаған, әр тайпа өз заңымен өмір сүретін және қазіргідей тәртіп сақшылары жоқ қоғамда қанды кек әлеуметтік низамды реттейтін жалғыз ғана жол болатын. Егер тайпа кек қайтара алмаса, басқа тайпалар алдында дереу абыройынан айрылатын, сәйкесінше көршілері оларды қырып-жойса да жазасыз қалу құқығына ие болатын. Қанды кек осылайша «әділдіктің» тұрпайы түрі болатын, әйтсе де осының арқасында ешбір тайпа басқаларынан өзін үстем санай алмайтын», – деп жазады К. Армстронг.

Құран тілі. Араб тілін білмейтінге Құранды бағалау қиынға соғады. Араб тілі аударуға қиын, оған қоса Құранда бейнелі аналогиялар мен антропоморфты аяттар көп кездеседі. Құран тек қана білім алу үшін оқылатын кітап емес. Оны адамдар иләһи сезімнің дәмін тату үшін оқиды. Ол асығыс оқыла салатын кітап емес... Мұхаммедтің алғашқы жылнамашылары арабтардың Құранды тұңғыш естіген сәтте қандай ғажайып әсер мен таңданысқа бөленгендіктерін әрдайым әңгімеге өзек етеді. Біразы сол заматта бірден дінге кіріп кеткен, өйткені мұндай айрықша керемет сөздер Құдайдың тарапынан ғана айтылуы мүмкін деп ұйғарды. Дінге кіргендер көбіне осы хәлді қапаста бұйығып жатқан сезімдері иләһи лебізбен оянып, рақат дариясына шомылғандай етіп түсіндірді. Мұхаммедтің табанды қарсыласы, жас құрайыш Омар ибн әл-Хаттаб ескі дініне беріктігімен қоймай, тіпті пайғамбарды өлімге қия салуға дайын жан болатын... Аңызға сәйкес Омар жасырын мұсылман болған қарындасын жаңа сүрені тыңдап отырған кезде ұстап алады. «Мынау не сандырақ?!» деп ашуға булығып, үйге кіріп келеді және бейшара Фатиманы аяғынан шалып құлатады. Бірақ қарындасының денесінен тамшылаған қанды көріп, ұяттан өртенген жүзі өзгеріп сала береді. Үйден тұра қашқан қарияның асығыста түсіріп алған парақтарын қолына алады. Хат танитын құрайыштың бірі болғандықтан, оқи жөнеледі. Омар арабтың ауызша өлең дәстүріне өте жүйрік еді. Ақындар қызыл тілді қалай шебер сөйлетуі керектігі жөнінде одан ақыл-кеңес сұрайтын. Әйтсе де бұрын-соңды осы тәрізді мәтінді кезіктірмепті. Таңғалып тұрып: «Мына сөздер қандай керемет, қандай ғажайып еді!» дейді



және тап сол сәтте Алланың жаңа дініне құлдық ұрады. Көркем сөз оның санасынан жеккөрініш сезімі мен соқыр сенімін аластайды және зердесіне құйылып қалады... Құранның осындай әсері болмаса, Исламның тамыр жаюы мүмкін емес те еді. Мұхаммед қысқа ғана мерзімде, яғни жиырма үш жылдың ішінде арабтардың өмірін түбегейлі өзгертіп жіберді. Мұхаммедтің шайыр әрі пайғамбар ретіндегі еңбегі, ал Құранның мәтін және иләһи тарту түріндегі сипаты дін мен өнер арасындағы терең байланысқа керемет мысал бола алады.

Ұлы көш – хижра. Мұхаммедтің мушриктерден ажыраған соң кедейлер, жесір әйелдер, жетімдерден құралған ізбасарлары қатты қысымға ұшырайды. Оларды қорғау үшін Мұхаммед Йасриб (келешек Мәдине) қаласына көшуді ұйғарады. Мұнда кейбір иудей рулары өмір сүретін және бірқұдайлық мұнда бұрыннан таныс еді. Йасрибтің пұтқа табынушылары өзара тартыстардан көп зардап шегетін және Мұхаммед оларға бірігуге жәрдемдеседі деп үміттенетін. 622 жылдың жазында шамамен жетпіс мұсылман барлық үй-жайымен Меккеден Йасрибке жол тартады. Осы мезгілден бастап ислам дінінше хижри жыл санау жүреді.

Таухид. Трансцендентті Құдайды тану мүмкін емес, тек қана Құдайды біздің әлемдегі белгілері мен құбылыстарынан ғана тани аламыз. Ең маңызды белгі ол әрине – Құран. Алайда қоршаған орта да – бір белгі, өзінше кітап түрі. К. Армстронг былай айқындатады: «Құдай хақында тек қана табиғаттағы «белгілерден» бір нәрселер сезе аламыз; ол соншалықты биік, ол туралы тек «баян» арқылы айта аламыз. Осылайша, Құран үнемі мұсылмандарды қоршаған әлемді Құдайлық көріністің (эпифания) орны ретінде тануға шақырады.

Пайғамбарлық. Исламның алғашқы шарты боп, уақыт өте келе аш-шахада мұсылмандық иманның символы болды: «Алладан басқа Құдай жоқ, Мұхаммед Оның елшісі». Бұл тек қана Алланың бар екендігін мақұлдау ғана емес, сонымен қатар, Алланы жалғыз шынайы Ақиқат деп мойындау. Тек шынайы Ақиқат – Ол, сұлулық пен кемелдік. Оған тән: Шахада мұсылмандардың Құдайды мұрат қылып, тіршілігінің негізі ретінде тануларын талап етеді.

Дербес жұмыстарға арналған тапсырмалар

1. «Ислам» діні «мойынсұну» дегенді білдіреді. Басты адамгершілік бағыты муррува – ар кодексін ұстанғандар бұл дінді қалай қабылдады?
2. Иудаизм мен исламдағы Яхве және Аллах бейнелері ұқсас несімен және қалай ерекшеленеді?
3. Монотеистік діндерде әлеуметтік әділдік және теңдік қалай негізделеді?
4. Исламда және әулиелер культінде ширкті қабылдамау қалай үйлеседі? Бұл жөнінде Сіздің пікіріңіз қандай?

Бақылау сұрақтары

1. VII ғасырдың басында арабтардың жағдайы қандай болды?
2. Мұхаммед пайғамбарға алғашқы уәхи қашан түсті?
3. Құранның кереметі неде?
4. Қағба ғибадатханасын қашан және кім салды?
5. Ширк дегеніміз не?
6. Хижра дегеніміз не?